


«Күншуак» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Жаңа жылға арналған ертеңгілік
Тақырыбы: «Келді міне, жаңа жыл!»
№11 «Жұлдыз» ортаңғы тобы



Тәрбиешілер: Абдыкова А.Т
Таухабаева И.М
Ән жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж



Жүргізуші: Мезгілдері жаңарған
Ескіргенін елейтін
Алдағы жыл- ақ арман
Ассалаумағалейкум!

Басталарда жаңа әлем
Құйылады жаңа нұр.
Жүрекке арман бөлеген,
Қош келіпсіз, жаңа жыл!

Құрметті ата - аналар, қонақтар, біз «Жұлдыз» тобы сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтайды! Жаңа жыл әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін дейміз. Ендеше...

Экран қосылып, қарқызы сөйлеп амандасады. Балаларды залға жібереді.

Жүргізуші: Балаларға сұрақ қою. Қандай мезгіл? (қар, шырша, жаңа жыл).
Сендерді қарқызы осындай әдемі жерге жіберіп өзі бақылап тұр балалар.
Сондықтан бүгін әдемі көңіл күйде болайық.

Тақпақтар: Марьям, Ахмад, Зейнел, Сулеймен, Айым, Марьям

МАРЬЯМ Ә Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле-төрле жаңа жыл!
Бізге құтты жыл болсын.


АХМАД Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып
Келеді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

ЗЕЙНЕЛ О, алақай тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Жаңа жылда бәріміз
Ән айтамыз жаңаша.

СУЛЕЙМЕН Ақ таяғын таянып
Таңмен бірге оянып
Аяз ата келіп тұр
Ақ көрпеге оранып.

АЙЫМ Жаңа жыл, жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

МАРЬЯМ А Әкелсін жыл ырыс құт
Әлемде болсын тыныштық.



Жүргізуші: Айта берсек таусылмас
Жаңа жылда жаңа жыр
Кел оданда, халайық
Ән айтайық жаңа бір.

Ән: «Көңілді жаңа жыл»

Жүргізуші: - Балалар қардан аққала жасап ойнағыларың келеме?
- Иә, ендеше аққала жасап ойнайық!

Жүргізуші: - Қараңдаршы, балалар, біз аққала жасаймыз десек бізге аққаланың өзіде келе жатырғой.

Ортаға Аққала шығады.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе Аққала! Қош келдің! Жаңа жыл құтты болсын!

Аққала: Сәлеметсіңдер ме балалар! Қандай керемет! Әдемісіңдер! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Жүргізуші: Керемет Аққала бүгінгі кештің қонағы бол ендеше...

Мың бұралып билеген,
Бишіні кім сүймеген?
Қараңдаршы балаларға,
Әдемі би билеген- деп біздің сұлуларымыздың өнерін

тамашала.

Би: «Қармен»

Жүргізуші: Ендеше балалар, Аққалаға жаңа жылға арналған өлең жолдарын айтып берсек қайтеді?

Тақпақтар: Махаббат, Айсана, Аяна, Исмайл, Нұрқанат, Бекет.


МАХАББАТ Сылдырлайды моншағы
Шыршамыздың мол шамы
Жаңа жылмен жайдары
Құттықтаймыз баршаны.

АЙСАНА Бақша іші мереке
Ойын күлкі асқақ ән
Аяз ата жаңа кеп
Мерекені бастаған.

АЯНА Аяз ата ақ сақалды,
Ақ таяқты паң ата
Асып өтіп асқар тауды
Жеттің бізге таң ата.

ИСМАЙЛ Ән салайық жаңаша
Жаңа жылым тамаша!

НУРҚАНАТ Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда біз
Жарқын-жарқын ән салып
Жалғасады жырға жыр.



БЕКЕТ

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән айтамыз баршамыз.

Қоштасады аққала

Қарқызы: Балалар сендер жаңа жылды Аяз ата мен Ақшақарсыз тойлай бересіңдерме?

Жүргізуші: - Балалар, ендеше біздің кешіміздің көркін ашар Аяз атаны ортаға шақырсақ қайтеді?

Жүргізуші: Қуаныңдар, ағайын, тамсаныңдар!
Сүйінішпен маңайға жар салыңдар!
Аяз ата келеді Ақшақармен,
Қол соғып қошеметпен қарсы алыңдар!

Әуен ойнап ортаға Аяз ата мен Ақшақар шығады.

Аязата:

Ау, армысыңдар, халайық?
Өздеріңе оралдым,
Амансың ба, ұл- қыздарым?
Сыйлығым да бар менің.
Қандай жарқын жүздерің,
Керемет бір ән тыңдап,
Қандай әсем жырларың.
Келіп тұр-ау демалғым.

Ақшақар

- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жүлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.


Жүргізуші: Ата біздің шырша көңілсіз тұр мүмкін шырша шамын жағарсыз.

Шырша шамы жағылады.

Жүргізуші: Әсем ән де, биде бар. Отыр Аяз ата сәл демал!

Кел балалар тақпақты
Тақылдатып айтайық
Аяз ата таңқалсын,
Сыйлық алып қайтайық

Тақпақтар: Нурали, Еңлік, Райымбек, Әмина Е, Ерасыл, Айбибі.



НУРАЛИ

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағынған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған

ЕҢЛІК

Жаңа жылда, жаңа жылда
Жаңаша тақпақ айтамыз
Болсын риза балаша
Аппақ біздің атамыз

РАЙЫМБЕК

Жаңа жылда әрқашан
Жақсы тілек айтамын.

ӘМИНА Е

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

ЕРАСЫЛ

Тамаша сый алып,
Келді аяз атамыз
Шаттанып, қуанып
Шырқап ән айтамыз.

АЙБИЫ

Қараңдар мынау шыршаға
Неткен әсем көрікті
Жаңа жылдық думанға,
Аяз ата келіпті.

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,
Шыршамызды айналып,
Би билейік ән салып,
Баршамызға жар салып

Ал, Аяз ата енді ортаға шығып біздің балалармен бірге ән шырқауға келіңіз.

Ән: «Шыршаға бардық»

Ата-аналардан жаңа жылдық өнер қағазбен

Қарқызы: Балалар бүгінгі өнерлерің мені таңқалдыруда сондықтан менде сендерге қарай ертегілер елінен қуыршағымды жіберіп жатырмын қарсы алыңдар.

Әуенмен ортаға қолында бір корзина тәттілері бар қуыршақ шығады.

Қуыршақ: Сәлеметсіздерме балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын! Мен ертегілер елінен келген қуыршақпын. Мына қолымдағы тәттілеріммен өзім секілді қуыршақ қыздармен билегім келіп тұр.



Жүргізуші: Сәлем қуыршақ! Сен туралы біз естіп сені күтіп отырғанбыз. Жаңа жыл құтты болсын!

Қуанышпен шаттыққа кенелейік,
Жадыратып, ән шырқап, тербелейік.
Төрле, төрле, халқымның құтты жылы,
Бәріміз дөңгелене би билейік, -деп

өзің біздің сұлулармен билегің келіп тұрса қыздарымызды биге алайық ендеше ортаға.

Би: «Тәттілер»

Ойын: Қармен

Тақпақтар: Муслима, Еркемай, Амина Л, Мухаммед, Имран, Ибраһим.

МУСЛИМА Тауда туып, тауда өсіп
Шырша келді ортаға
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

ЕРКЕМАЙ Ал, балалар билейік
Ойнайықта күлейік
Аяз ата қуансын
Тақпақ айтып берейік.

АМИНА Л Шырша жанып жайдары,
Балалар мәз ойнады.


МУХАММЕД Келіндер, келіндер
Тақпақ айтып беріндер
Жомарт аяз атадан
Сыйлық алып көріндер.


ИМРАН Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

ИБРАҺИМ Келді міне жаңа жыл
Қарсы алайық бәріміз
Күліп ойнап, би билеп
Ән салайық бәріміз.

Жүргізуші: Аяз ата шаршамадыңыздарма. Мүмкін ортаға біздің атқа мінер жүйрік ұлдарымызды алармыз. Олардың да өзіңізге деп дайындаған өнерлері бар секілді.

Би: «Кішкентай аталар»





Жүргізуші: Ей, жаңа жыл, жаңа бақыт ырысым.
Жақсылықтың жаршысы да нұрысың.
Адамдардың асқақтаған арманы,
Ақындардың таусылмайтын жырысың,- деп келесі балалардың
жаңа жылдық өлең жолдарына кезек берейік.

Тақпақтар: Асылым, Асылбек, Диана, Рамина.

АСЫЛЫМ Жаңа жылмен, жаңа жылмен

Құттықтаймыз әрине

Әкемізді, анамызды

Қонақтардың бәрінде

ИАНА

Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жанашыр

Ата-әже, әке-ана

Құтты болсын Жаңа жыл!

АСЫЛБЕК

Жаңа жылда балалар

Тек қуаныш көріңдер

Ауырмандар ешқашан,

Мықты болып жүріңдер!

РАМИНА

Оралдың өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпеге

Асқартау қарлы шың.

Жүргізуші: Аяз атадан сыйлық сұрау. Ойынмен

Аяз ата: Сыйлықтарым сиқырлы жолмен келе жатыр

Қарқызы қоштасады

Жүргізуші: Міне балалар, жаңа жылдық сыйлықты да алдық. Ендеше Аяз ата мен Ақшақар қызбен қоштасайық.

Жүргізушілер: Келеді жылдар, келеді айлар жарысып,
Жылан жылы мен Жылқы жылы ауысып,
Береке, бірлік, бейбітшілік төрінде,
Тұрайық әр кез татулықпен қауышып.

Жаңа жылдың шырақтары тұр жанып,

Бара жатыр қараңғы түн нұрланып,

Шырқай берсек таусыла ма әніміз,

Деп тарқалық үйімізге қуанып.

«2026 жыл, Жылқы жылы құтты болсын ағайын!» Бүгін біз «Жұлдыз» ортаңғы тобы балаларының дайындаған «Келді міне, жаңа жыл!» атты мерекелік кешімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар





